Бұл шығарма модернистік бағытта жазылған. Бұл шығармада мифологиялық және культтық құндылықтар, яғни халықтың наным-сенімі көрініс тапқан. Автор ерте кезде балзді Құдай Адам-ата мен нау-Ана арқылы жаратты деген аңызды негізге ала отырып жазған. Модернизм мифологиялық тәсілді жандандыруды көздейді. Мифтік ойлау арқылы қоршаған орта болмысын танытады. Оқиға нақты бір уақытта емес, өткен мен келешек аралас мифологиялық уақыт бойынша көрсетіледі. Драманы оқу барысында болмыстың адам тіршілігімен үйлесе бермейтін қайшылығын аңғаруға болады. Оны Гүлдің адамның дене мүшелері – Көз, Құлақ, Ауыз, Мұрын, Қол, Аяқ, Басқа тұрмысқа шыққандығынан көре аламыз.

Негізі автор шығарма шешімін оқырман еншісіне қалдырады. Менің түйгенім – Құдайға шүкіршілік, қанағат ете білсең, өз шыққан тегінді қадірлесен, Жаратқан сенің мерейіңді тек арттыра береді.

Рақымжан Отарбаевтың «Айна-ғұмыр» драмалар жинағы бойынша талдау жасаған Ақмаржан Қобландиева өз ойын былай өрбітеді:

Р.Отарбаевтың «Айна-ғұмыр» кітабында бірнеше пьесалар қамтылған. Солардың ішіндегі «Айна-ғұмыр» драмасына ерекше тоқталғым келіп отыр.

тілдің барлық мүмкіншіліктерін кеңінен қолдана отырып суреттейді. Суреттеп қана қоймай, драматургияға тән аса жоғары экспрессивті-эмоционалды тұстарын тіл құдіреті арқылы жеткізген.

«Кек», «Бейуақ», «Пешене» трагедияларын оқи отырып, қазақ қызының қоғамдағы рөлі мен ХХІ ғасырдағы ауыр тағдырын анық байқай аламыз. Дәмежан Сейілжанқызы, Жазира Жарылқасын, Зәмзия сынды қазақ қызы мен әйелінің бір-бірімен қатысы жоқ кейіпкерлердің тағдырын 6-8 көрініс арқылы қысқа да нұсқа береді. Бірақ осынша қысқа көріністер арқылы қалың оқырманға терең ой қалдырады. Думан Рамазан кейіпкерлердің бейнесін ашуға бұрмаламай шынайы маскасын жан-дүниенді түршіктіретілік өткір тілмен беруден еш тайсалмайды. Сөзім дәлелді болу үшін трагедияда көп жерден кездестірмейтін сайқал, жезөкше, сұмырай, сұрқия сынды сөздердің бірнеше мәрте қайталануы жоғары экспрессивтілік мән үстемелейді.

Қойылымның әрбір үзігі шынайы өмірдің бір белгісіндей, сонысымен жаныңды елжіретіп, жүрегінді езіп жібереді, кейбір тұстарында мақтана да марқайасың, кей сәттерде көзіңе еріксіз жас үйіріледі. Думан Рамазан қоғамдағы біреу айтса, біреу айтпас шешімі табылмаған жер дауы, жесір дауы, әке мен бала, күйеуі ақ некелі әйелі арасындағы отбасылық мәселелердің түйінін күрмеуі қат-қабат сөз өнерінің құдіреті арқылы жеткізе білген.

Абыз қаламгер Әбіш Кекілбаевтың «адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» деген әдемі сөзін жас оқырманға үнемі қайталаудан жалықпаймыз. Ал біз оқырман жас көп болсын, оқитын кітабы бір емес, мың болсын дейміз.

Рүта СҰЛТАНҒАЛИЕВА,
ф.ғ.к., М. Өтемісов атындағы БҚУ
қауымдастырылған профессоры

ПЛЮСЫ И МИНУСЫ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ

В связи с пандемией коронавируса с марта 2020 года университет проводит обучение в дистанционном формате. Для обеспечения дистанционного обучения используются системы «PlatoHus» и «Moodle.wksu.kz». В систему «Moodle.wksu.kz» преподаватели загрузили учебно-методические комплексы дисциплин и учебно-методические материалы: лекции, практические занятия, лабораторные работы, задания, электронные учебники. Студенты могут зайти в свой личный кабинет и посмотреть все материалы по дисциплинам, которые изучают в данном семестре. Университет закупил лицензионное программное обеспечение ZOOM для проведения онлайн-занятий преподавателей со студентами.

Во втором полугодии этого года для студентов первого курса проводятся практические и лабораторные занятия в обычном формате обучения.

Сейчас есть возможность сравнения этих двух форм обучения.

К положительным сторонам дистанционного обучения можно отнести:

- При наличии интернета и компьютера можно учиться из любой точки области. Не надо тратить время на дорогу в вуз. Человек не зависит от транспорта. Это позволяет сохранить

массу свободного времени.

- Онлайн-занятия проходят в двух форматах – это записанный ранее видеоролик или занятие в прямом эфире. Здесь можно видеть преподавателя, задавать вопросы, общаться с одногруппниками.

- Для обучения преподаватели используют дополнительные слайды, презентации, видеоматериалы, аудиоматериалы, графику. Студент может вернуться в любой момент к материалу, изложенному ранее, чтобы освежить в памяти конкретные факты, правила. Если же есть вопросы, он может их задать преподавателю в общем чате, всегда существует обратная связь.

- В процессе дистанционного обучения большую часть материала студент осваивает самостоятельно. А значит, время для своих занятий он выбирает сам, студент может построить гибкий график для загрузки отчетностей, может использовать онлайн-издания, которые актуальны в настоящее время и помогут освоить программу.

- Дистанционное обучение позволяет оценить всех студентов, сразу выявить тех, кто не выполняет вовремя задания.

- К отрицательным сторонам

дистанционного обучения можно отнести:

- В практических и лабораторных занятиях необходимо руководство преподавателя, каждый новый пример интересен и сложен по-своему, поэтому вовремя данный совет, подсказка очень важны. Это можно сделать непосредственно на занятии при прямом общении. Сейчас это очень помогает студентам 1 курса.

- Важный элемент офлайн-обучения – личное общение. Взаимодействие с преподавателями и одногруппниками в неформальной обстановке может порождать удивительные идеи и менять взгляды, а это особенно важно для учителя.

- Процесс конспектирования лекций тренирует скорость письма, развивает механическую память, учит на ходу вычленять наиболее важные фрагменты из потока информации. Все эти навыки очень полезны в повседневной жизни и работе учителя, но дистанционное обучение их не дает.

- Удаленное обучение делает вас зависимым от технических средств.

- Дистанционное обучение требует от студента сильной мотивации и жесткой самодисциплины. Нет жесткого контроля, студент борется с желанием расслабиться и отложить работу на потом.

дела по дому, студенты начинают работать и мало времени уделяют учебе.

Екатерина Глухова,
студентка группы МФ-22

Дистанционное обучение не сильно отличается от очного обучения. Мы также посещаем пары, всегда есть обратная связь от преподавателя, можно задать вопросы, можно найти информацию на сайте. Конечно, в первое время были сложности с интернетом, но сейчас все технические вопросы решены. Не всем подходит такой формат, но мне он



нравится.

Фокина Алена,
студентка группы МФ-22

Мне удобно учиться на дистанционке. Связь с преподавателем есть, они нам также читают лекции, проводят практические и семинарские занятия. Нам не надо ходить с одного корпуса в другой, много свободного времени, которое не нужно тратить на дорогу. Мы также можем взять задания на сайте и выполнять их, если возникают вопросы, всегда можно связаться с преподавателем в общем чате и получить ответ. Мне полностью нравится дистанционное обучение.

Л.ОРЛОВА,
студентка 3 курса
физико-математического факультета

ЖОО–да ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ БАҒЫТТАРЫ

М.Өтемісов атындағы БҚУ ЖГФ 29 наурыз – 6 сәуір аралығында «ЖОО–да қашықтықтан оқыту технологиясын ұйымдастырудың бағыттары» тақырыбында әдістемелік апталық өткізді. Апталықтың сапалы да қызықты, студенттер үшін пайдалы да тартымды өтуіне факультетіміздің ұстаздары бір кісідей жұмылып, ат салысты. Осы апталық аясында доцент, б.ғ.к. Утаубаева Алма Уахитқызының «Генетика» пәні бойынша өткізген шеберлік сағаты мен виртуальды зертханалық сабағы туралы айтқымыз келеді.

30 наурыз күні доцент А.У.Утаубаева Абай атындағы Қазақ ҰПУ биология кафедрасының докторанты, «Цифрлық педагог - 2020» жазғы онлайн мектебінің үздік оқытушыларының бірі, республика көлемінде университеттердің профессор-оқытушы құрамына арналған вебинарлар өткізіп жүрген Улдахан Шыңғыс Мұратұлын бірлескен шеберлік сағат өткізуге, ұстаздар қауымы үшін де тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін пайдалы іс-шараға шақырды. Аталмыш шараға факультет деканы А.А.Тургумбаев, деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары Ө.Қ.Абдырахман, деканның тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.С.Кажмуратова, биология және экология кафедрасының меңгерушісі м.а., PhD докторы Р.Ж.Қожағалиева, б.ғ.к., доц. Г.А.Бимағамбетова, аға оқытушы, магистрлер С.Н.Бохорева, Ж.М.Ихласова, С.М.Кабаева, А.С.Бисенгазиева, Әдістемелік жұмыс

Әлемді жайлап, кісендеп алған пандемия уақытында қашықтан оқыту білім берудің әртүрлі деңгейлерінде жан-жақты қолданылуда. ЖОО–да қашықтықтан оқыту ақпараттық және компьютерлік технологияларды қолданатын инновациялық білім беру үдерісі ретінде студенттердің тұлғалық дамуына бағытталған білім беру мақсаттарын жүзеге асыратын технология болып табылады.



және білім беру технологиялары бөлімінің сарапшысы Л.Н.Темрешева, магистранттар және Биология мамандығында оқитын студенттер қатысты.

Шыңғыс Мұратұлының шеберлік сағаты «Онлайн зертханаларға арналған ресурстар» тақырыбында өткізілді: Аталмыш шеберлік сағатта

студенттерге арналған виртуальды зертханаларды өткізудің логикасы мен құрылымы: теориялық материалдар, жұмыстың сипаттамасы, орындалу тәртібі, зертхананы орнату, есеп беру тәрізді сатылары талқыланды. Шеберлік сағатта Merlot, Classzone, VirtualLab, Learn Genetics, Phet Interactive Simulations, LabXchange, Virtual Amrita

Laboratories тәрізді виртуальды зертханалардың сайттарымен жұмыс жасау әдістемесі үйретілді. Сонымен қатар, «DNAftb.org» сайтындағы «Specialized chromosomes determine gender», «Learn Genetics» сайтындағы «DNA Microarray», т.б. зертханалық жұмыстары жүргізілді. Аталмыш шеберлік сағат теориялық және әдістемелік тұрғыдан жоғары деңгейде өтті.


Сонымен қатар, б.ғ.к., доцент А.У.Утаубаева 1 сәуір күні «Биология Ағылшын тілінде 3/1» тобында «Population genetics» тақырыбында NearPod онлайн платформасында интерактивті сабақ өткізді. Сондай-ақ, аталмыш зертханалық сабақта Quizlet, Quizizz, LabXchange, Learn Genetics, т.б. сайттарымен де жұмыстану жүргізілді. Сабақ барысында, NearPod платформасындағы Fill in the Blanks, Open ended question, Memory tests, Matching pairs, Quiz, т.б. активитилер қолданылды. Зертханалық сабақ соңында оқытушы Quizizz викторинасын қолданып, студенттердің білімдерін бағалады.

Факультетіміздің профессор-оқытушылары құрамының «ЖОО–да қашықтықтан оқыту технологиясын ұйымдастырудың бағыттары» атты әдістемелік апталық аясында өткізіліп жатқан инновациялық шығармашылық сабақтары, еліміздің алдыңғы қатарлы университеттерінің оқытушыларының тәжірибе алмасу бағытындағы онлайн ашық вебинарлары, шеберлік сағаттары өз жалғасын таба берулеріне тілекшіміз. Мұндай сабақтардың студенттердің зияткерлігін, зиялылығы мен біліктілігін көтерудегі рөлі зор болары сөзсіз.

Айгерим ШАХМЕТОВА,
Биология ағылшын тілінде –
3/1 тобының студенті

Ел теңдігін аңсаған Исатай батыр

Сәуір айының 5-ші жұлдызында Жаратылыстану-география факультетінің студенттік деканатының ұйымдастыруымен Исатай Тайманұлының 230 жылдығына орай «Ел теңдігін аңсаған Исатай батыр» атты интеллектуалды сайыс өткізілді. Шарамызға факультетіміздің 3 кафедрасы қатысты. Барлық кафедра студенттері бір-бірінен қалыспай, өз білімдерін жоғары деңгейде көрсетіп шықты.




Сайысымыз онлайн форматта оздырылды. 3 кезеңнен құралған сайысымызда I орынды «Биология-география» тобы, II орынды «Химия» тобы, III орынды «География-тарих» тобы иеленді.

Ұлттың ұлы ұстазы

Ы.Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай Экономика және менеджмент кафедрасының аға оқытушысы және ГМУ-31 тобының ұйымдастырумен «Ұлттың ұлы ұстазы» атты танымдық сайыс оздырылды. Мақсаты - қазақтың ұлы ағартушысы

Ы.Алтынсариннің өмірі мен ағарту саласындағы халқына сіңірген еңбегін жан – жақты таныстыру.

Ы.Алтынсариннің өнегелі өлеңдері мен әңгімелерінен үлгі алу, студент жастардың



ҮЙІРМЕДЕН үйренеріміз көп...



«Геология және өлкетану» бағыты бойынша география кафедрасының аға оқытушысы Ходжанова Балдай Хамизеевнаның жетекшілігімен «ЖОО–да қашықтықтан оқыту технологиясын ұйымдастырудың бағыттары» әдістемелік апталығы аясында БГ-11 тобымен өткізілген үйірмеден студенттердің алған жаңа ақпараттары өте мол. Соның бірі, кезекті тақырып «Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты және экологиялық мәселелер» болатын.

Студенттер бұл тақырыпты кең көлемде талқылады. Тақырыпты ашу барысында студенттер Батыс Қазақстан облысының геологиялық картасымен және пайдалы қазбалар жөнінде жеке-жеке тоқталу

Жақында педагогика факультеті мен БҚУ ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен «Даңқты дара тұлға» тақырыбында әскери қайраткер, қазақтан шыққан тұңғыш генерал Шәкір Жексенбаевтың туғанына 120 жыл толуына арналған танымдық кеш өткен болатын.

Қазақтың тұңғыш генералы



Шараға Шәкір Жексенбаевтың немересі, БҚУ ғылыми кітапханасының қызметкерлері және педагогика факультетінің оқытушылары мен студенттері қатысты. Шараны педагогика факультетінің декан орынбасары Тапаева Жанерке Таулбайқызы жүргізді. Кеш барысында мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының оқытушы магистрі Ж.Ж.Нәбиева қазақтың тұңғыш генералы Шәкір Айтәліұлы Жексенбаевтың өмір жолы туралы баяндама жасаса, БҚУ ғылыми кітапханасының кітапханашысы Айташова Гүлшира Шаденовна библиографиялық шолу жасады. Факультет студенттері ән орындап, көрініс сомдап, өлеңдер оқып кешті әсемдей түсті.


Кешті қорыта келе, Шәкір Жексенбаевтың немересі, техника ғылымдарының докторы, профессор Айтиалиев Ермек Сатпаевич өзінің алғысын білдіріп, алдағы уақытта ержүрек генерал-майор Шәкір Жексенбаевтың атын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу керектігін атап өтті.

еліне,халқына сүйіспеншілігін арттыру үшін ұлы тұлғаларды насихаттау. Сайыс 3 кезеңнен тұрды. Сайысқа 1-2-курс студенттерінен құралған 4 команда қатысты. Қазылар алқасының шешімі бойынша:

- 1-орын ГМУ-21 тобының “АЙҚАП” командасы;
- 2-орын ГМУ-11 тобының “ҚАНАФАТ” командасы;
- 3-орын ЭИМ-11 тобының “ГЕРМЕС” командасына бұйырды. Ал Ф-11 тобының “СҰҢҚАР” командасы Алғыс хатпен марапатталды.

арқылы танысты. Қарашығанақ мұнай-газ конденса-тының өзге кен орындарынан ерекшелігі және оның ауқымы жөнінде толық мәлімет алынды. Сонымен қатар қоршаған ортаға зияны, экологиялық проблемалар және адам денсаулығына әсері жөніндегі мәселелерді қарастырды. Үйірме соңында тақырыпты қорытындылай келе қоғамның мұнай және газға деген қажеттілігі күн санап артып отырған осы кезеңде отын шикізаттарының қоры қаншаға жететінін дәл айтып беру мүмкін емес. Геологтардың есептеуінше, 2030-2040 жылдарға қарай дүниежүзілік барланған мұнай қорының 80 пайызы таусылады деп күтілуде. Қалпына келетін және альтернативті энергия көздері қазіргі кезде бүкіләлемдік отын-энергетика балансында өте аз үлес салмаққа ие. Бірақ олардың қоры орасан зор. Сондықтан аталған проблемалардың алдын-алу үшін осы отын көздерінің отын-энергетикалық баланстағы үлесін барынша молайту шараларын қолдану қажет. Мұнай-газ саласының серпінді дамуы Қазақстанның бүкіл экономикасы үшін өте маңызды. Бүгінгі таңда мұнай-газ саласы Қазақстан Республикасы экономикасының құрылымында айқындаушы рөл атқарады. Сөз соңында тақырып бойынша сұрақтар қойылып, студенттер аталып өткен мәселелер бойынша өз ойларымен бөлісті. Осылайша үйірменің кезекті отырысы жоғары деңгейде өтті.

Нұрайым ӨМІРЗАҚ,
БГ-11 тобының студенті



Дос, ақылыңа ақыл қос!

Шаршы топта сөз бастау оңай ма?

Айтар болсаң, әр ойыңды қадап айт,
Бір сөзіңді мың толғамға балап айт.

Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн (1017-1075ж.ж.),
Орта Азияның белгілі ақыны, ғалым

Шешендікке бостандық қажет. Сөйлеуші көпшілік алдында ақиқатқа жүгіне ойын еркін айтуы керек.

Платон (б.з.д. 427-347 ж.ж.),
ежелгі грек философы

Адам нені жан-тәнімен сезсе, ұғынса, соны ол жетер жеріне жеткізіп айта алады. Өзі жақсы білмейтін жайды уағыздағанда ғана кісі сөз таппай қалады. Адамды ой жетектей алса, ол анық сөйлейді, егер адам ойын жетектей алса, одан да анық сөйлейді.

Виссарион Белинский (1811-1848 ж.ж.),
орыс әдебиеттанушы ғалымы, сыншы

Адам зейіні – тұлға сана-сезімінің есігі іспетті. Сөз басында оны жайлап сыналап аша отырып, шешен арнайы амалдарға жүгіне келе, оны бүкіл сөз сөйлеудің басынан аяғына шейін анық қалпында ұстауға ұмтылады.

Константин Ушинский (1824-1907 ж.ж.),
орыс педагогы, ғалым

Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек.

Ахмет Байтұрсынұлы (1873-1937 ж.ж.),
қоғам қайраткері, ақын, ғалым-лингвист, педагог

Шешендердің жүйрік ой толғауы тыңдаушылардың талғамына тәуелді. Ол не айтатынын, қай жерде айта-тынын және қалай айтатынын жете түсінуге тиісті.

Марк Тулий Цицерон (б.з.д.106-43 ж.ж.),
Римдік шешен, қоғам қайраткері

Баяндаманың түйіндемесі – барлық айтқандарыңның қорытындысы. Бұдан кейін бірдеңе айту мүмкін еместей болуы керек.

Анатолий Кони (1844-1927 ж.ж.),
қоғам қайраткері, ақын, ғалым-лингвист, педагог

Мінбеге шыққан шешен сөз туралы ойламау керек, ол рет-ретімен өзі тізіледі. Тыңдаушылар шешеннің өз ойымен өзі болып, яғни, толқынды, құйынды ойларының ырқына бағынғандығының куәгері болуға тиісті. Кез келген ой өзіне тән сөздерді пайдаланады, сонда ғана табиғи сұлулыққа бөленеді.

Петр Пороховщиков (1867-1954 ж.ж.),
орыс заңгері, шешендіктанушы

Барлық істе дерлік ең қиыны – басталуы.

Жан-Жак Руссо (1712-1778 ж.ж.),
француз философы, жазушы, ойшыл

Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады.

Абай Құнанбайұлы (1845-1904 ж.ж.),
қазақтың дүлдүл ақыны, ойшыл

Адам білмегендіктен адаспайды, білгішсінемін деп адасады.

Жан-Жак Руссо

Егер айтар ештеңең болмаса, аузыңды жап, ал ай-тарың болса, айт, бірақ жалған айтпа.

Ромен Роллан (1866-1944 ж.ж.),
француз жазушысы, публицист

Қай кезде болмасын шешендік өнерінің шегінен шықпа. Аузыңнан шыққан сөзің тыңдаушыға, тыңдаушының жүрегіне қонымды, жеңіл болсын. Егер сен сөйлегенде бұл тәсілді қолданбасаң, айтар сөзіңді бар ықыласыңмен дәлелдегеніңмен, жұрт оны тыңдамайды. Тыңдаушылардың талабына қарап, көңілдегісін тауып сөйлеген кезде ғана қиын жағдайдан қысылмай шығасың.

«Қабуыснамадан»,
шығыс педагогикасының озық туындысы (XI ғ.)

Қол бастау қиын емес,
Көк найзалы ерің болса.
Жол бастау қиын емес,
Соңыңа ерген елің болса.
Бәрінен де сөз бастау қиын:
Тауып айтсаң, мереке қылады,
Таппай айтсаң, келеке қылады.

Досбол Қорлыбайұлы (1800-1890 ж.ж.),
би-шешен

Белгілі болса, жолдан жаңылмас,
Білімі болса, сөзден жаңылмас.

Махмұд Қашқари (1029-1101 ж.ж.),
қазақ ғалымы, ақын

Ақыл жетіспеген жерде бәрі жетіспейді.

Джордж Галифакс (1633-1695 ж.ж.),
ағылшынның қоғам қайраткері, жазушы

Егер мен кейде бөтен біреудің сөзімен сөйлем, мұным өзімді-өзім жақсырақ жайып салуға тырысқандығымнан.

Мишель де Монтень (1533-1592 ж.ж.),
француз философы, жазушы

Жалған сөйлем, ақиқатты түгел айтудың да қажеті шамалы.

Бальтасар Грасиан (1601-1658 ж.ж.),
испан философы, әдебиет теоретигі

Адамзатқа не керек:
Сүймек, сезбек, күйінбек,
Харекет қылмақ, жүгірмек,
Ақылмен ойлап сөйлемек.

Абай

Сізді тыңдамау, түсінбеу, сізбен келіспеу мүмкін емес болатындай тұрғыда сөйлеу керек.

Евгений Адамов,
мемлекет қайраткері, ғалым

Оқығанды көкірекке тоқу оқырманның қабілет-қарымына, зейін-зердесіне тәуелді, ал ауызша, яки, шешен сөзді ұғып қабылдау сөйлеушінің әсерлі, мәнерлі, ойнақы-ойнатып жеткізу қабілетіне байланысты.

Серік Негимов,
әдебиеттанушы ғалым, шешендіктанушы

Шешендік өнер негізі мәдениетте: көбірек білген сайын, озық та үздік сөйлейсің.

Евгений Адамов

Шешен сөздің зор мүшелері бесеу: бастамасы, ұсынбасы, мазмұндамасы, қыздырмасы, қорытпасы.

Ахмет Байтұрсынұлы

Пікірді баяндап, түсіндіріп, дәлелдеп, сипаттап, ақыл жағы қанағаттанғаннан кейін жүрек жағына әсер етіп, бойын балқыту жеңіл болады.

Ахмет Байтұрсынұлы

Сыпайы сызып айтады,
Шешен қызып айтады,
Шорқақ үзіп айтады,
Бұзық бұзып айтады,
Түзік түзіп айтады.

Кенже би,
шешен-би

Тілдің жетік жүйесін меңгеріп, қыр-сырын біліп, бабын келтіріп қолдансақ, айдама жорға мінгендей боларсың.

Ісмет Кеңесбаев (1907-1995 ж.ж.),
белгілі тілші ғалым

Шын көңілмен айтар тілегі болса,
Шындықпен ғана жауап беру қарыз.

Мұхтар Әуезов (1897-1961 ж.ж.),
қазақ әдебиетінің классигі, қоғам қайраткері, ғалым

Сын айту үшін, шын айт. Шын айтпай, сын айтпа.

Бауыржан Момышұлы (1910-1982 ж.ж.),
халық қаһарманы, жазушы

Жеңемін деп біреуді,
Өтірік сөзбен қостама.

Асан қайғы (**Хасан Сәбитұлы**) (XIV-XV ғ.ғ.),
би, ақын, қоғам қайраткері, ойшыл

Тұтқиылдан тапқырлық таныту, өрнегі әсем өнегелі-ғибратты сөз айту – шешен талантының бір қыры.

Серік Негимов

Шешен аудиторияның әлеуметтік құрамын, қызметін, жас ерекшеліктерін, көңіл-күй толқындарын, наным-сенімдерін есепке алмай болмайды. Мәселен, жастар жиналған аудитория ең жарқын, нақты материалды жігермен, құлшыныспен сөйлеп жеткізуді ұнатса, тәжірибелі кісілер отырған жерде шешеннің логикасына құлақ түреді.

Анатолий Кони (1844-1927 ж.ж.),
қоғам қайраткері, заңгер, сот шешені

Айқын сөз – еркін ойдың белгісі, бірақ айтылар жерін дұрыс таңдамасаң өзіңе қауіп.

Демокрит (б.з.д.384-322 ж.ж.),
ежелгі грек философы

Бабы мен бағы бұққан тұяқ та бір – ойға суарылмаған әуен мен әуез де бір: нені айту бір пара, қалай айту бір пара, кімге айту, қашан айту бір пара.

Асқар Сүлейменов (1938-1992 ж.ж.),
жазушы, әдебиет сыншысы, драматург

Ешқашан қағазға қарап сөйлемеймін. Өр кез мені тыңдап отырған жандардың жанарына үңілемін. Алдын ала даярланған мәтіндердің құрылымдары да белгілі болып тұрады. Алайда, ең бастысы – тыңдаушының өзіне қызығушылығын жоғалтып алмау. Мен дайын тұрған мәтінді ұмытып та кетемін. Тыңдаушыларымның бірдеңені түсінбей тұрғандарын көрсем, айтқан нәрсемді басқаша түрде қайта жеткізуге тырысамын. Мен керемет шешен адам емеспін, десе де шешендікті үйреніп жүрмін.

Ли Куан Ю (1923-2015 ж.ж.),
Сингапур саясаткері, саясаттанушы

Саясатпен айналысар болсаңыз, айтқаныңызды халыққа жеткізу үшін сізге телесуфлер көмектесе алмайды. Алдын ала жазылған мәтінге тәуелді болсаңыз, сіздің сөйлеген сөзіңіз – бос кеткен дүние. Сөйлеу барысында тыңдаушыңыздың жүзіне қараңыз, араңызда байланыс үзілгенін сезсеңіз, айтқан нәрсеңізді қайталаңыз. Мен солай істеймін.

Ли Куан Ю

Жауапты редакторы: Абат Қыдыршаев,
Республикалық «Үш қоңыр» әдебиет, мәдениет және өнер газетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша меншікті тілшісі



Бaubек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады - Издаётся с 30 января 2016 года

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.
А. Байтұрсынов

Журналист

(Journalist)



№12 (37), сәуір, 2021 жыл

Әлем назарындамыз

Бүгінде ЮНЕСКО сөзін жиі естиміз. Әрине, белгілі бір ұйым екенін саналы түрде ұғамыз, алайда қандай бағытта жұмыс жасайтынын білеміз бе? Қазақстан мен ЮНЕСКО-ны не байланыстырады? Қандай іс-шаралар бірлесе отырады? Қазақстан Республикасының аталған ұйымға мүшелігінің тиімділігі неде?

ЮНЕСКО - БҰҰ-ның білім беру, ғылым және мәдениет жөніндегі дүниежүзіндегі мәдени және табиғи мұраларды қорғау ұйымы. 1945 жылы қараша айының 16-сында құрылып, 1972 жылы дүниежүзілік мәдени мұраларды қорғау жөнінде қарар қабылданған. Штаб-пәтері Францияның астанасы Париж қаласында орналасқан. Қазақстан бұл ұйымға 1992 жылдың мамыр айының 22-сінде мүше болып қабылданып, сол уақыттан бері белсенді әріптестікке ерекше ден қойған.

ЮНЕСКО мүшелігінің елімізге тиімділігі неде? Бізге мәлімі бүгінгі таңда табиғи зардаптарға орай, адамдардың кеселінен жоғалу алдында тұрған не қауіпті жағдай төніп тұрған аса бағалы тарихи ескерткіштер мен мәдени ошақ көздерін қайта қалыпқа келтіруде және әлемдік құндылықтар көзі іспетті мұраларымызды қалыпты қатарға қосу үшін еліміз осы ұйыммен бірлесе белсене жұмыс жасай алатындығы қуантады. Еліміздің қарқынды дамуы мен кемел келешегі үшін ұлттық тарихымызды, мәуелі мәдениетімізді, таңғажайып тарихи ескерткіштерімізді естен шығармауға тиіспіз. Десек те, табиғи апаттар салдарынан жойылу алды қауіпінде тұрған қайталанбас мәдени ошақтарымызды «реинкарнациялануға» тікелей осы ұйым қолдау білдіреді. Қазіргі таңда Қазақстанның көптеген нысандары ЮНЕСКО-ның әлемдік мұралары тізіміне енгізілді. 2003 жылы

көктемгі жоралғылары Адамзаттың материалдық емес мәдени мұраларының тізіміне енгізілген-ді; 2016 жылы желтоқсан айында ЮНЕСКО-ның адамзаттың мәдени материалдық емес құндылықтарының көрнекілік тізіміне жаңа элемент енді, ол - Қазақстанға тән саятшылық. Бұл – жыртықш құстарды аңға салу дәстүрі, қазақ халқындағы өте ерте замандардан келе жатқан спорттық өнер; Біржан сал мен Сүйінбайдан басталатын қазақтың нағыз өнері, суырыпсалма ақындардың айтысы мәдени мұра қатарына 2015 жылы желтоқсан айында кірген-ді; Біздің арғы тегіміз - көшпелі қазақ. Жаз жайлауда, қыс қыстауда көшкен кезде киіз үй халқымыздың қара шаңырағы болған. Тек баспана ретінде ғана емес, әр нышаны бір жақсылықты, ырымдық ұғымды білдіреді. Бұл қасиетті қара шаңырағымыз – киіз үй де 2014 жылы қараша айында материалдық емес мәдени мұра санатына енген-ді; Адамзаттың материалдық емес мәдени мұра қатарына ұлттық мейрамымыз Наурыз да енгізілген-ді. Жаңа жылымыздың үш күн бойы 21-23 наурыз аралығында тойланатындығы бекіген-ді; Көне ескерткіштеріміздің бірі Таңбалы археологиялық петроглифтері де ЮНЕСКО-ның әлемдік мұралар қатарына 2004 жылы енген-ді; Жер аяғы кеңіп, жер бусанып жайлауға шыққанда қылықты қыздарымыз ән айтып, би билесе, ұлдарымыз ұлттық ойындарын ойнап бір жасап қалатын. Ұлттық ойынымыз асық ату да ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұра қатарына 2016 жылы енген-ді. Міне, осыншама ұлттық мәдени байлығымыз әлемдік мұралар, әлемдік құндылықтар сапынан көрінуде. Әрине, бұның өзі - ЮНЕСКО мен еліміздің тығыз қарым-қатынаста

Әлемдік мұра биігіндегі ҚАЗАҚСТАН

бүкіләлемдік материалдық емес мәдени мұра тізіміне енген Қазақстандағы тұңғыш нысан - Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Бұл жөнінде 2003 жылы маусым айының 23-інде Париж қаласында ЮНЕСКО-ның 27-сессиясында айтылған-ды. Сарыарқа – Солтүстік Қазақстан даласы мен көлдері – Қазақстандағы және Орта Азиядағы Әлемдік мұра тізіміне алғашқы болып енген табиғи нысан. Бұл шешім 2008 жылдың шілде айының 7-сінде Квебекте (Канада) өткен Әлемдік мұра комитетінің 32-сессиясында қабылданған-ды. Тамыры тереңде жатқан тарихы Қажымұқан балуаннан бастау алған қазақ күресі де ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне 2016 жылы желтоқсан айының 2-сінде енген-ді. Қазақтың жиын-тойы, басқосулары бұл спорт түрінің сайысынсыз өтпейтін; Құрманғазы атамыздан бастау алған домбыраның қоңыр дауысты әуездері де материалдық емес мәдени мұра тізімі қатарында. 2014 жылы қараша айының 27-сінде қабылданған қарарда: «Домбырамен орындалатын күйлерін орындау өнері қазақ халқының ынтымақтастық жолында маңызды рөлін атқарып, халықтағы өзіндік ерекшелік және бірлік сезімдерін қалыптастырады» делінген-ді. «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра» дегеніміздің нақ өзі. Иә, қасиетті домбыраның құлақтан кіріп, бойды алған әсем әуені әлемдік мәдени мұра қатарынан неге көрінбеске; Ер жігіттің жеті қазынасының бірі – ат. Ер қанаты да - ат. Ендеше бұл қасиетті жануардың асауын тұсаулап қолға үйрететін атбегілеріміздің де әдет-ғұрыпы 2018 жылы қараша айының 26-сы мен желтоқсан айының 1-і аралығында Маврикий Республикасының астанасы Порт-Луи қаласында өткен ұйымның 13-сессиясы барысында мақұлданып, қазақ атбегілерінің

екенінің айқын айғағы. Десек те, бәрі бітті, жыртығымыз жамалды, елдік күллі құндылықтарымыз көңнен аршылды, тасадан шығарылды, көлеңкемізге күн күлімдеді дей аламыз ба? Осы тұста ойланарымыз бар іспетті. Жә, әзірше, барды қанағат тұталық!..

Сондай-ақ, тек мәдени мұра ғана емес еліміз ЮНЕСКО-мен бірігіп түрлі іс-шараларды да атқарғаны мәлім. Мәселен, академик Қаныш Имантайұлы Сәтпаевты мәңгі есте қалдыру туралы қаулыға сәйкес атақты ғалымның 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО-ның қолдауымен 1999 жылы сәуір айының 15-і мен 23-і аралығында Париж қаласындағы ЮНЕСКО-ның бас пәтерінде айтулы симпозиум форматында өткізілгені мәлім. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті–Елбасымыз бен Қазақстан Республикасының Үкіметінің қолдауымен ЮНЕСКО-ның бірлесуі арқылы Астана мен Алматы қалаларында 2000 жылы «Үшінші мыңжылдық ғылым» атты халықаралық конференциясы өткен-ді; ЮНЕСКО күнтізбесіне Түркістан қаласының 1500 жылдығы; Тараз қаласының 2000 жылдығы; Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығы сынды айтулы күндер мен мерейтойлар енгізілген-ді. Қазақстандағы мәдениеттің, білімнің және ғылымның дамуына молынан қомақты үлес қосатын ЮНЕСКО іспетті беделді халықаралық ұйымның маңызының зор екенін ескере келе, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев көрнекті қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменовті Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО-дағы тұрақты өкілі ретінде тағайындағаны мәлім. Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының 150 жылдық мерейтойлық сессиясы да ЮНЕСКО шеңберінде өткенін күллі қазақ ұлты мақтана айтары даусыз...

Қысқасы, еліміздің болашағы үшін, келешекте

Байқау

Алаш туы астында күн сөнгенше сөнбейміз

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында айтылған тәуелсіздік идеясының өзегі болған Алаш арыстарының асыл мұрасы мен өсімдерін, тұтас тағылымын, ұлы ерліктерін, елге қызмет етудің озық үлгілерін студенттер арасында кеңінен насихаттау, жас жеткіншектерге патриоттық сезім ұялату мақсатында Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті студенттері арасында университетішілік «Алаш туы астында күн сөнгенше сөнбейміз» (Алаш тұлғаларының тағылымы) тақырыбында эссе байқауы өтті.

I. Эссе жеңімпаздары:

Бас жүлде – Ниятллаева Гүлшат, ЮР-11-тобы;
1 орын – Ахметжанова Аялым, ҚТӘ-31-тобы;
2 орын – Мейірбекқызы Бекзада, Мен-21-тобы;
2 орын – Бақытбаева Гүлбибі, Фил-33-тобы;
3 орын – Осинская Варвара, ЮР-34-тобы;
3 орын – Махамбет Назерке, Фил-33-тобы;
3 орын – Тасқалиев Ғаділбек, ҚТӘ-31-тобы.

Ынталандыру сыйлығы:

1. Сүйеу Гүлден, Ист-11-тобы;
2. Жолболсынова Аяжан, БГ-11-тобы;
3. Досмұқамбетова Томирис, Рег-21-тобы;
4. Төрен Дариға, ҚТӘ-33-тобы;
5. Қадырқұлов Нұртілеу, Фил-33-тобы;
6. Абсалямова Асель, ҚТӘ-31-тобы;
7. Берікқали Сауат, ҚТӘ-31-тобы.

II. Алаш оқуларының жеңімпаздары:

Бас жүлде – Мамұт Зафура, Филология факультеті;
1 орын – Дөкес Ақтоты, Тарих, экономика және құқық факультеті;
2 орын – Байрамбай Тлектес, Филология факультеті;
2 орын – Қосанов Нұрлан, Жаратылыстану-география факультеті;
3 орын – Қарамадинов Есетай, Педагогика факультеті;
3 орын – Қожаметов Бекзат, Мәдениет және өнер факультеті;
3 орын – Өмірзақ Еркін, Физика-математика факультеті.

Ынталандыру сыйлығы:

1. Бисенғалиева Айгерім, Жаратылыстану-география факультеті;
2. Сайлаубайқызы Балнұр, Тарих, экономика және құқық факультеті;
3. Көшкінбаева Амина, Педагогика факультеті;
4. Болдыбай Бақытгүл, Тарих, экономика және құқық факультеті;
5. Исмагулов Армат, Жаратылыстану-география факультеті;
6. Сағидолла Туғанай, Физика-математика факультеті;
7. Сағидуллеева Аружан, Педагогика факультеті.

әлемдік деңгейдегі танымал өркениетті елдер сапынан лайықты орнықты орын алу үшін ЮНЕСКО іспетті халықаралық беделді ұйымдармен бейбіт келісімде бірлесе жұмыс жасап, елімізді әлемдік деңгейге көтеруге көп болып тер төге беруге тиіспіз. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның 30 жылдығы қарсаңында ұлттық 10 нысанның әлемдік мұралар санынан көрінуі мол күш-жігердің, тынымсыз еңбектің арқасы екені даусыз. Десек те, ұлттық құндылықтар сапындағы қайталанбас бірегей елдік жәдігерлеріміздің санын еселей түсу, сөйтіп ұлттық құндылықтарымыздың адамзаттық құндылықтар сапынан танылуы жолында ойлы тер төгуіміз – келер жаңа ұрпақ алдындағы парызымыз.



Жанар
ҚАБДІРАХИМҚЫЗЫ,
«Рухани жаңғыру» инсти-
тутының әдіскері

Кәсіби бағдар беру жұмысы

Тарих, экономика және құқық факультетінің деканы, э.ғ.к Г.И.Нестеренко, кафедра меңгерушілері Б.Г.Искакова, С.Л.Серикова, А.С.Байбулсинова, Ф.К.Мухамбеткалиева мен оқытушы Ж.А.Калиева Бәйтерек ауданы, Трекин жалпы орта білім беретін қазақ мектебіне барып, мектеп директоры Н.Ж.Талиповамен және Володар, Жайық ЖОББ мектептерінің мұғалімдерімен кездесіп, кәсіби бағдар беру жұмысы бойынша «Білім talks» шарасына қатысты.



Шара барысында университет пен мектеп арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында университет пен Трекин ЖОББ ынтымақтастық келісімге қол қойды. Кездесу барысында факультет деканы Г.И.Нестеренко сөз сөйлеп, факультет мамандықтары, тарихы мен жетістіктері туралы баяндады.

Университет мамандықтары туралы мәліметтер беріліп, үнпарақтар мен хабарламалар таратылды. Университет мамандықтары туралы қойған сұрақтарына оқытушыларымыз өз жауаптарын беріп, университетімізге оқуға шақырды.

Сәуір айының 6-шы жұлдызында жаратылыстану-география факультеті химия кафедрасының оқытушы магистрі А.Р.Кенжеғалиева және химия-ағылшын мамандығының 3-курс студенттерінің ұйымдастыруымен “Chemistry in our life” атты білім сайысы оздырылды.

Білім сайысы оздырылды

Сайыс оффлайн форматта да, онлайн форматта да өткізіліп, 3 кезеңнен тұрды: 1 кезең - “quiz show”; 2 кезең - “guess they reaction”; 3 кезең - “find missing words”.

Сайыс барысында қызықты ойындар ойнатылып, шапшаңдығымен “Охуген” тобының студенттері ерекше көзге түссе, тапқырлығымен “Diamond” командасы алға шықты. “Mendeleev” тобы да ұйымшылдық қабілеттерімен ерекшеленді. Сайысымыз

өте тартысты өтті, студенттердің қаншалықты жан-жақты, алғыр, зерек екені анық байқалды.

Қорытындысында қазылар алқасы мен оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Абдырахман Асемгуль Кайратқызы сөз сөйлеп, командаларымызды бағалап, әділ төрелігін көрсетті.


Сайыс нәтижесі бойынша I орын “Diamonds” тобына, жүлделі II орын “Охуген” тобына, ал III орын “Mendeleev” тобына бұйырды.

Қызық екен...

Жаратылыстану-география факультетінің биология-экология кафедрасында Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай 5 сәуір күні 1-курс магистранттарының ұйымдастыруымен «Қызық екен» интеллектуалды ойыны өткізілді. Факультетімізде қашықтан оқыту форматы жүргізілсе де уақытымызды қызықты өткізуге, бір - бірімізді білім нәрімен сусындатуға тырысудамыз. Ол үшін профессор-оқытушыларымызға алғысымызды білдіреміз. Интеллектуалды ойын ZOOM платформасы арқылы жүргізіліп, факультет деканының орынбасары, профессор-оқытушылар құрамы қатысты.

Магистранттар ДНҚ және РНК топтары болып сайысқа түсті. Сайыстың кезеңі бойынша 12 сұраққа жауап беріп, 13-ші соңғы суперфиналда магистранттар барлық жинаған балдарының белгілі бір мөлшерін тігуі керек болатын. Қанша балл тігіліп, жауаптары дұрыс болса соған сай балл иеленді. ДНҚ тобы жинаған 40 балды толықтай тіксе, РНК 30 балдың 20 - сын суперфиналда ойнатты. Нәтижесінде ДНҚ 80, РНК тобы 60 баллды иеленді. Ойынымызда көрермендерден көмек сұрау кезінде кафедрамыздың профессоры Альжанова Бағдагүл Сақтанғанқызы топ мүшелеріне ерекше көмектесті.

Магистранттарға ұйымдас-тырушылардың әзірлеген сұрақтары өте



жоғары деңгейде болды. Олар өздерінің шығармашылық, сыни көзбен қарау және аналитикалық болжау қабілеттерін, сондай-ақ бірлескен командалық рухтарын көрсетті.


Шаттық СҰҢҒАТОВА,
Жаратылыстану – география
факультетінің 1-курс магистранты

Бәйтеректі!

Жуырда Ақмола облысы Щучинск қаласында шаңғымен спорттық бағдарлаудан ҚР чемпионаты өткізілді. Чемпионатқа республикамыздың әр аймағынан 140-қа жуық спортшы қатысып, 9 командаға бөлінді. Командалар «Орта», «Ұзақ», «Бір адамдық эстафета», «Спринт» қашықтықтары бойынша сынға түсті.

БҚО командасы құрамындағы Педагогика факультеті Дене шынықтыру және спорт мамандығының 2-курс (Фкс-25 тобы) студенті **Махамбетұлы Мұстафа** барлық қашықтықта белсенділік танытып, төмендегідей нәтиже көрсетті:

3-орын «Орта» қашықтығы;
3-орын «Ұзақ» қашықтығы;



3-орын «Эстафета» қашықтығы.
Құттықтаймыз!



Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінде 5B011000 – «Физика» мамандығы бойынша жоғары оқу орындарының студенттері арасында өткен XIII республикалық олимпиадаға қатысқан М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің студенті **Сергей Бутковты жүлделі II орын** алуымен және **жетекшісі Алман Нысанбаевты** білім бәйгесінде қол жеткізген жетістіктері үшін шын жүректен құттықтаймыз.



Олимпиада жүлдегерлері

16 сәуірде А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінде 5B011600-География мамандығы бойынша Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттері арасындағы XIII Республикалық пән олимпиадасы оздырылды. Білім додасының мақсаты – студенттердің география пәні бойынша теориялық және практикалық білім деңгейін анықтау, шығармашылық қабілеттерін ашу, талантты, дарынды студенттерді іріктеу және қолдау, студенттердің зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға жәрдемдесу, қазіргі заманғы ғылыми мәселелерді шешуге студенттер мен жас ғалымдарды тарту.

Олимпиадаға Қазақстанның түкпір-түкпірінен 21 команда қатынасты. Олимпиада 2 кезеңнен тұрды (теориялық кезең және практикалық кезең). Олимпиадаға Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, география ғылымдарының докторы, профессор Сейтбек Бекенович Қуанышбаев, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, география ғылымдарының докторы Орденбек Блисбекұлы Мазбаев төрағалық жасады. Олимпиада қорытындысы бойынша командалық

есепте М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті атынан қатынасқан екі команда жүлделі II және III орындарды иеленді. Сонымен қатар, жекелей есепте III орынды 4-курс студенті Сансызбай Батырбай қанжығасына байлады. Командалардың жетекшілері – география кафедрасының оқытушылары Мирас Амангелдіұлы Галимов, Ахан Асқарұлы Тургумбаев. Қатысушы командалар арнайы дипломдар мен сертификаттармен марапатталды.

Құттықтаймыз!

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР Өңделеді. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан

университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г күйлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г күйлігі берілген.

Таралымы 800. Тапсырыс № 445

РЕДАКТОР: Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

ТІЛШІЛЕР: Нұрайлым ҚҰБАЕВА, Дария ДЖУМАГАЛИЕВА, Гүлбибі БАҚЫТБАЕВА, Шұғыла ЕҢСЕП, Гүлсезім СЕРІКБАЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:
Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

ИП «Старков С.А.»

баспаханасында басылды.

Мекен жайы: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы,

Ауельбеков көшесі, 98.

Тел.: 8-716-2-25-14-90

Мекен-жайымыз: 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 162, тел.: 50-94-45. Біздің сайт: www.wksu.kz, e-mail: orken.gazeti@mail.ru